

"2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1520 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет мынадай көлемде атқаруға қабылдансын, оның ішінде 2013 жылға:

- 1) кірістер – 5152711777 мың теңге, оның ішінде мыналар бойынша:
 - салықтық түсімдер – 3511723367 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 88890504 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7700000 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері – 1544397906 мың теңге;

2) шығындар – 5743716813 мың теңге;

- 3) таза бюджеттік кредит беру – 40831419 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 122125013 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 81293594 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 158721629 мың теңге , оның ішінде :

қаржы активтерін сатып алу – 167531629 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 8810000 мың теңге;

5) тапшылық – -790558084 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 2,3 пайызы;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 790558084 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1295 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

2 . Мыналар :

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 2013 – 2015 жылдарға арналған басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасына кейінге қалдыру шарттарымен енгізілген, ерекше маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесі;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес 2013 – 2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар және Қорғаныс министрліктерінің басым республикалық бюджеттік инвестицияларының тізбесі (қызмет бабында пайдалану үшін) ;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы

қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығын күтіп-ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне қылмыстық – атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің жалпы білім беретін мектептерінің педагог қызметкерлерінің штат санының берілуіне байланысты берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Алматы қаласының бюджетіне режимдік стратегиялық объектілерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнаулы атақтары үшін қосымшаақы мөлшерін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұқым шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік ветеринарлық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

13-1) осы қаулыға 13-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандатуға

берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

13-2) осы қаулыға 13-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

13-3) осы қаулыға 13-3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің және кредиттердің сомасын бөлу;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды)

асырап-бағу үшін ай сайын ақша қаражатын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханаларын, зертханаларын жаңартуға және қайта жабдықтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымшаақы мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне қосымшаақы белгілеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларына (мұғалімдеріне) жалақыларындағы айырманы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

29-1) осы қаулыға 29-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

29-2) осы қаулыға 29-2) қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынамалауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

30) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін

қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің
с о м а с ы н б ө л у ;

31) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің
с о м а с ы н б ө л у ;

31-1) осы қаулыға 31-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын
б ө л у ;

32) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын
б ө л у ;

33) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және жергілікті сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің
с о м а с ы н б ө л у ;

34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне, жаңадан іске қосылатын спорт объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын
б ө л у ;

35) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымшаақы мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын
б ө л у ;

36) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен өкілеттіктерінің берілуіне байланысты түсетін трансферт түсімдерінің сомасын
б ө л у ;

37) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің сомасын
б ө л у б е к і т і л с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.06.2013 N 649 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.11.2013 N 1255 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруға көзделген қаражаттан 78956038 мың теңге мөлшеріндегі
с о м а :

1) мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін 20809672 мың теңге сомасында облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін

ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару үшін:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне кадрларды кәсіптік даярлауға 9930749 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 10878923 мың теңге, оның ішінде:
жалақыны ішінара субсидиялауға – 3429867 мың теңге;
кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға – 338836 мың теңге;
көшуге субсидия беруге – 80319 мың теңге;
халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге – 2874215 мың теңге;

кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға – 978523 мың теңге;
жастар практикасына – 2985235 мың теңге;
жұмыспен ішінара қамтылған жалдамалы қызметкерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға – 56504 мың теңге;
ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына – 135424 мың теңге;

2) мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне 5177740 мың теңге сомасында облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттерін аудару үшін:

қызметтік тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға – 2744838 мың теңге;
жастарға арналған жатақханаларды салуға, сатып алуға, салып бітіруге – 425648 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) сатып алуға – 825841 мың теңге;
жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға – 1181413 мың теңге;

3) мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 51966010 мың теңге сомасында облыстық бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттерді аудару үшін:

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне 43693290 мың теңге, оның ішінде:
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын, инженерлік-көліктік инфрақұрылым мен әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеуге және елді мекендерді абаттандыруға – 43265568 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды және әлеуметтік-мәдени объектілерді реконструкциялауға – 427722 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттердің

құрылысына 8272720 мың теңге;

4) мынадай әкімшілер бойынша республикалық әлеуметтік-мәдени объектілерге жөндеу жүргізуге 933348 мың теңге сома аудару үшін:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне – 517040 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне – 222026 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне –
194282 мың теңге;

5) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Жұмыспен қамту 2020 жол картасын ресурстық қолдауға және ақпараттық сүйемелдеуге 69268 мың теңге бөлінсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1295 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

4. 2013 жылға арналған республикалық бюджетте Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберіндегі ағымдағы іс-шараларды іске асыруға көзделген қаражаттан 9563012 мың теңге мөлшеріндегі сома Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін облыстық бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді және кредиттерді аудару үшін:

1) кәсіпкерлікке шағын кредиттер беру үшін облыстық бюджеттерге кредит беруге –
1753724 мың теңге;

2) жобаларды іске асыру үшін екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша пайыздық ставканы субсидиялауға – 685900 мың теңге;

3) жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беруге – 423368 мың теңге;

4) ағымдағы жайластыруға – 6676000 мың теңге;

5) кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу шеңберінде кәсіпкерлікке оқытуға – 24 020 мың теңге бөлінсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1295 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Мыналар:

1) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға берілетін осы қаулының 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттердің;

2) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға берілетін осы қаулының 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген нысаналы даму трансферттерінің;

3) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға берілетін осы қаулының 3-

тармағының 3) тармақшасында көрсетілген нысаналы трансферттердің;

4) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберіндегі ағымдағы іс-шараларды іске асыруға берілетін осы қаулының 4-тармағында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттердің және кредиттердің сомасын бөлу бекітілсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.06.2013 N 649 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес 2013 жылға арналған мемлекеттік тапсырыстардың тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.06.2013 N 649 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. 2013 жылға арналған республикалық бюджетте 020 «Қазақстан Республикасын әлеуметтік жаңғырту шеңберінде зерттеулер жүргізу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде зерттеулер жүргізуге көзделген қаражаттан 164457 мың теңге мөлшеріндегі сома мыналарға аудару үшін:

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне – 26087 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне – 31713 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне – 7952 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне – 32174 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне – 32174 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне – 8270 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне – 26087 мың теңге бөлінсін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1295 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы қаулыға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес инвестициялық жобалар бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаларын бекіту туралы шешімдерді 2013 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде бекітсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 312 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі 2012 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімде 034 «Сумен жабдықтау жүйесін, гидротехникалық құрылыстарды салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты бөлу туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілсін.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.06.2013 N 649 қаулысымен (

01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

9-1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2013 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде:

1) облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 10) және 12) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы;

2) «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру шарттарын анықтау туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Ескерту. Заң 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.06.2013 N 649 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) 2013 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде 145 «Кәсіби стандарттарды әзірлеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты бөлу және кәсіби стандарттарды әзірлеуге және Қазақстан Республикасын әлеуметтік жаңғырту шеңберінде зерттеулер жүргізуге берілетін қаражатты пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) 2013 жылғы 15 ақпанға дейінгі мерзімде Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде облыстық бюджеттерге ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдем көрсетуге 2013 жылға кредит беру шарттары туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және уәкілетті орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруға бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін;

4) 2013 жылғы 15 ақпанға дейінгі мерзімде зейнетақы төлемдерін алушыларға жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы жөніндегі мемлекет кепілдіктерін алушының зейнетақы төлемдеріне құқықты иелену кезіндегі инфляция деңгейін ескере отырып орындау тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

11. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі 2013 жылғы 20 ақпанға дейінгі мерзімде Алматы қаласының бюджетіне метрополитенмен жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімінің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) 2013 жылғы 10 ақпанға дейінгі мерзімде:

облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 21) және 23) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы;

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру бойынша қаражатты бөлу туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) 2013 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде:

орта білім беруде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынамалауды өткізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты облыстық бюджеттерден трансферттер түсімдері с о м а с ы н ;

089 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынамалауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты бөлу туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Ескерту. 12-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.06.2013 N 649 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2013 жылғы 10 ақпанға дейінгі мерзімде:

1) облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 30) және 31) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы;

2) азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша 2013 жылға арналған сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға берілетін қаражатты бөлу туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

14. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі 2013 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде «Қарағандышахтатарату» республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берілген таратылған шахталардың қызметкерлеріне келтірілген зиянды өтеу тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

15. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі 2013 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде «Қолжетімді тұрғын үй 2020» бағдарламасы шеңберіндегі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үйлерді жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға кредит беру шарттары туралы шешім жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.03.2013 N 312 қаулысымен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

1 6 . Қ ұ п и я .

17. Орталық атқарушы органдар 2013 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

18. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 0

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 5 2 0

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

2013 - 2015 жылдарға арналған басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1295 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1437 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Функционалдық топ				Атауы	Сомасы, мың теңге		
1	Әкімші		2013 жыл		2014 жыл	2015 жыл	
	Бағдарлама	Кіші бағдарлама					
1				2	3	4	5
				Барлығы:	1 090 191 462	879 942 910	511 100 000
				I. Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар	328 597 419	374 758 152	160 000 000
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15 552 357	13 303 019	8 000 000
	204			Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	2 738 025	3 950 494	2 000 000
		009		Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	2 738 025	3 950 494	2 000 000
				оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
				Өзгелер	2 738 025	3 950 494	2 000 000
				ҚР РФ-дағы Елшілігінің ғимараттарын кеңейту және ҚР-ның мәдени орталығын салу		2 940 000	2 000 000

			ҚР-ның Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі ғимараттар кешенін жобалау және салу	492 800	249 962	
			ҚР-ның БАӘ-дегі Елшілігінің қызметкерлеріне тұрғын үй ғимаратының құрылысы	679 375		
			Беларусь Республикасында ҚР Елшілігінің ғимараттар кешенін салу	375 266	760 532	
			ҚР АҚШ-тағы Елші резиденциясын орналастыру үшін жер учаскесімен ғимарат сатып алу	722 898		
			Өзбекстан Республикасында ҚР Елшілігінің ғимараттар кешенін салу	467 686		
215			Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі	3 030 880	5 388 835	4
	026		Қазақстан Республикасының радиожилік спектрінің мониторинг жүйесін жаңғырту		4 073 343	4
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер		4 073 343	4
			Қазақстан Республикасының радиожилік спектрінің мониторинг жүйесін жаңғырту		4 073 343	4
	040		Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	1 588 940	259 828	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	1 588 940	259 828	
			Қазақстан, Ресей және Беларусь арасындағы Кеден одағы шеңберінде ақпаратпен алмасу үшін мемлекетаралық шлюз құру және оны дамыту (Кеден одағының сыртқы және өзара сауданың ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің Ұлттық сегменті)	1 060 119		
			Қазақстан Республикасының Халыққа қызмет көрсету орталықтарын интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	528 821	259 828	
	043		«Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасын дамыту	884 692	1 055 664	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	884 692	1 055 664	
			«Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасын дамыту	884 692	1 055 664	
	044		«Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесін құру	307 248		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	307 248		
			«Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесін құру	307 248		
	052		Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	250 000		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			

			Өзгелер	250 000	
			Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	250 000	
217			Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	8 259 670	3 359 215
	014		Кеден қызметін жаңғырту	1 706 280	2 549 265
		004	Сыртқы қарыздар есебінен	547 560	705 893
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:		
			Өзгелер	547 560	705 893
			Кеден қызметін жаңғырту	547 560	705 893
		016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	1 158 720	1 843 372
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:		
			Өзгелер	1 158 720	1 843 372
			Кеден қызметін жаңғырту	1 158 720	1 843 372
	026		Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу	750 109	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:		
			Шығыс Қазақстан облысы	750 109	
			Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы «Майқапшағай» бірыңғай бақылау-өткізу пунктінің құрылысы	245 601	
			Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы «Бақты» кеден бекетін қайта жаңғырту	154 508	
			Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округіндегі қызметтік тұрғын үйлердің құрылысы	200 000	
			Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Бақты ауылдық округіндегі қызметтік тұрғын үйлердің құрылысы	150 000	
	031		«КААЖ» және «Электрондық кеден» ақпараттық жүйесін құру	225 444	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:		
			Өзгелер	225 444	
			«КААЖ» және «Электрондық кеден» ақпараттық жүйесін құру	225 444	
	033		«Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін жаңғырту	1 787 084	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:		
			Өзгелер	1 787 084	
			«Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін жаңғырту	1 787 084	
	036		Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	1 291 240	

			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	1 291 240		
			Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	1 291 240		
	040		Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	144 001		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	144 001		
			Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	144 001		
	061		«е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	1 447 493	26 440	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	1 447 493	26 440	
			«е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	1 447 493	26 440	
	064		«Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесін құру	883 000		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	883 000		
			Электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу бойынша ақпараттық жүйе (құру)	883 000		
	073		Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту және «Қазынашылық-клиент» компонентін құру	25 019	783 510	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	25 019	783 510	
			Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту және «Қазынашылық-клиент» компонентін құру	25 019	783 510	
406			Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	257 220	141 820	68
	006		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру	257 220	141 820	68
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	257 220	141 820	68
			Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру	257 220	141 820	68
606			Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі	551 624		
	011		«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту	551 624		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	551 624		

			«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту	551 624		
608			Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	714 938	462 655	79
	013		«Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграциялық ақпараттық жүйесін құру	714 938	462 655	79
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	714 938	462 655	79
			«Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру	714 938	462 655	79
2			Қорғаныс	31 589 583	49 633 005	48
202			Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	8 954 712	25 989 755	23
	003		Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	7 809 474	22 684 549	23
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Ақмола облысы	4 229 617	16 327 149	12
			Қызмет бабында пайдалану үшін	4 229 255	15 770 962	12
			Ақмола облысы Көкшетау қаласы «Көктем» шағын ауданының солтүстігіне қарай (қалыпты геологиялық жағдайларымен ІВ, ІІА климатты аудандары үшін ІІ типті) 6 автомобильге арналған өрт депосының кешенін салу	362	556 187	
			Ақтөбе облысы	15 929	223 618	63
			Ақтөбе қаласындағы қарапайым геологиялық жағдайы бар ІВ, ІІА климаттық кіші аудандар бойынша типтік жоба үшін ІІ типті 6 автомобильге арналған өрт депосы ғимараттары кешенін салу және жобалау-сметалық құжаттарын жасау	15 929	223 618	63
			Алматы облысы	400 000		
			Шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығы (ШЫХО) ауданында Қорғас өзенінде қорғаныс ғимаратының және «Қорғас» кедені ғимаратының құрылысын салу	400 000		
			Жамбыл облысы	518 219		
			Тараз қаласы Саңырақ батыр көшесінің бойында орналасқан 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының кешенін салу	518 219		
			Қарағанды облысы	387 364	276 607	62
			Қарағанды қаласының «Голубые пруды» жаңа құрылыс ауданындағы қарапайым геологиялық жағдайы бар ІVА, ІVГ климаттық кіші аудандар бойынша типтік жоба үшін ІІ типті 6 автомобильге арналған өрт депосы ғимараттары кешенін салу және жобалау-сметалық құжаттарын жасау	18 406	208 309	62
			Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы су-құтқару станциясының құрылысы	368 958	68 298	

			Маңғыстау облысы	839 000		
			Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында 6 шығысқа арналған типтік өрт сөндіру депосын салу	839 000		
			Оңтүстік Қазақстан облысы	20 200	219 830	6
			Шымкент қаласында 8 балды сейсмикалық активі бар IIIA, IIIB және IVГ климаттық кіші аудандар бойынша типтік жоба үшін II-типті 6 автомобильге арналған өрт депосы ғимараттары кешенінің салу және жобалау-сметалық құжаттарын жасау	20 200	219 830	6
			Алматы қаласы	736 435	979 805	
			Алматы қаласы Алатау ауданы, Ақбұлақ және Қарасу шағын ауданының батыс жағындағы бекітілген жер телімінде орналасқан Өрт сөндіру депосы ғимараттарының құрылысы. Ақбұлақ шағын ауданында 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының кешенін салу	257 157	682 915	
			Алматы қаласы Алатау ауданы, Ақбұлақ және Қарасу шағын аудандарының батысындағы бекітілген жер телімінде орналасқан өрт сөндіру депосы ғимаратының құрылысы. Қарасу шағын ауданындағы 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының кешені	479 278	296 890	
			Астана қаласы	450 890	500 000	
			Астана қаласындағы № 12 көшенің жер учаскесінде орналасқан өрт депосы кешені	450 890	500 000	
			Өзгелер	211 820	4 157 540	6
			(Құпия)	211 820	4 157 540	6
	016		Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық жүйесін құру	1 145 238	3 065 903	2
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	1 145 238	3 065 903	2
			ТЖ және АҚ корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық мемлекеттік жүйесін құру	1 145 238	3 065 903	2
	023		Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 112 бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің ақпараттық жүйесін құру		239 303	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер		239 303	
			Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 112 бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметін құру		239 303	
208			Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	22 520 874	20 705 718	15
	002		Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	7 606 070	10 720 265	9
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			

			Өзгелер	7 606 070	10 720 265	9
			2013 - 2015 жылдарға арналған автоматтандырылған басқару жүйесін құру	7 606 070	10 720 265	9
	004		Қарулы Күштердің объектілерін салу	14 914 804	9 985 453	9
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	14 914 804	9 985 453	9
			Қызмет бабында пайдалану үшін	14 914 804	9 985 453	9
678			Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы	113 997	2 937 532	4
	002		Республикалық ұланның даму бағдарламасы	113 997	2 937 532	4
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	113 997	2 937 532	4
			«Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы бригадасының әскери қалашығы», Астана қ.	113 997	2 937 532	4
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	26 542 859	19 302 912	9
	201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	7 075 195	12 650 521	5
		007	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік және қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу, реконструкциялау	6 541 255	10 074 706	5
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Ақтөбе облысы	392 089		
			Түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілерді салу (Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданының Жем қаласы)	392 089		
			Шығыс Қазақстан облысы	52 319	2 889 763	3
			Өскемен қаласында Тергеу изоляторын салу	52 319	2 889 763	3
			Жамбыл облысы	328 131	330 216	
			Жамбыл облысының Тараз қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін әскери қалашық объектілерін салу	328 131	330 216	
			Батыс Қазақстан облысы	903 718	3 153 051	1
			Орал қаласында тергеу изоляторын салу	588 564	3 153 051	1
			Батыс Қазақстан облысы бойынша Орал қаласындағы 900 орынға арналған қатаң режимдегі түзеу колониясын реконструкциялау	315 154		
			Қызылорда облысы	910 210		
			Қызылорда қаласындағы 1000 орынға арналған ЗК-169/5 қатаң режимдегі түзеу мекемесін реконструкциялау	308 238		
			Қызылорда облысының Қызылорда қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілерді салу	601 972		
			Маңғыстау облысы	1 870 404	1 289 929	

			Жаңаөзен қаласында үлгі әскери қалашық салу	1 870 404	1 289 929	
			Оңтүстік Қазақстан облысы	385 969	391 145	
			Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданы Шахта Тоғыс кентінде түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілер салу	385 969	391 145	
			Астана қаласы	1 698 415	2 020 602	1
			Астана қаласында тұрғын үйі бар әскери қалашық салу	1 698 415	1 854 526	
			Астана қаласында ҚР ПМ Ішкі әскерлердің 3656 әскери бөлімі объектілерін (кешендер) салу және құру		166 076	1
	049		Қызметтік ғимараттар кешенін салу	28 815	2 070 690	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	28 815	2 070 690	
			Қазақстан Республикасы ПМ қызметтік ғимараттар кешенін салу (2 жоба)	28 815	2 070 690	
	051		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйелерін дамыту	505 125	505 125	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	505 125	505 125	
			Ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарын жол қозғалысы ережелерін бұзуды фиксациялау және бейнебақылау жүйелерімен біріктірілген функцияларды біріктіретін жол қозғалысы үшін бақылаудың зияткерлік жүйелерін сатып алу және қаланың көше-жол желілеріне орнату	505 125	505 125	
221			Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	596 429	363 449	
	057		Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіні құру	314 711	185 023	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	314 711	185 023	
			Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіні құру	314 711	185 023	
	058		Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру	281 718	178 426	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	281 718	178 426	
			Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру	281 718	178 426	
410			Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	7 987 093	2 900 298	3
	002		Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	7 987 093	2 900 298	3
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			

			Өзгелер	7 987 093	2 900 298	3
			Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	7 987 093	2 900 298	3
501			Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	3 140 603	606 102	
	012		Сот жүйесі органдарының объектілерін салу	2 796 717	200 006	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Алматы облысы	476 719		
			Талдықорған қаласындағы Алматы облысының Алматы облыстық сот ғимаратына жапсарлас құрылыс салу	476 719		
			Шығыс Қазақстан облысы	203 700	200 006	
			Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында Әкімшілік соттың ғимаратын салу	203 700	200 006	
			Қостанай облысы	100 097		
			Қостанай облысының Лисаковск қаласында сот ғимаратын салу	100 097		
			Астана қаласы	2 016 201		
			Екі аудандық соттары мен алқа билері (облыстық мәні бар) бар қалалық соттың ғимаратын салу	2 016 201		
	014		Сот құжаттарының электрондық мұрағатын құру	343 886	406 096	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	343 886	406 096	
			Сот құжаттарының электрондық мұрағатын құру	343 886	406 096	
502			Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	3 000 445	1 711 188	3
	008		Прокуратура органдары үшін объектілер салу, реконструкциялау	2 015 017	700 000	3
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Ақмола облысы	78 250		
			Ақмола облысы Ерейментау ауданы прокуратурасының ғимаратын салу	78 250		
			Алматы облысы	161 692		
			Қапшағай гарнизоны әскери прокуратурасының әкімшілік ғимаратының, мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасы және Қапшағай қаласы прокуратурасының ғимаратын салу	161 692		
			Жамбыл облысы	156 261		
			Жамбыл облысы Жамбыл ауданы прокуратурасының ғимаратын салу	77 924		
			Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы прокуратурасының ғимаратын салу	78 337		
			Қарағанды облысы	385 447		
			Қарағанды облысы Октябрь ауданы прокуратурасының ғимаратын салу	170 598		
			Қарағанды облысы Қазыбек би ауданы прокуратурасының ғимаратын салу	144 394		

			Қарағанды облысы Шахтинск қаласы прокуратурасының ғимаратын салу	70 455		
			Қостанай облысы	76 918		
			Қостанай облысы Лисаковск қаласы прокуратурасының әкімшілік ғимаратын салу	76 918		
			Солтүстік Қазақстан облысы	156 449		
			Солтүстік Қазақстан облысы М. Жұмабаев атындағы аудан прокуратурасының ғимаратын салу	78 443		
			Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы прокуратурасының ғимаратын салу	78 006		
			Астана қаласы	1 000 000	700 000	3
			Бас прокуратура ғимаратының аумағында көппәтерлі тұрғын үй салу		700 000	3
			Астана қаласындағы Сығанақ көшесінің оңтүстігіндегі Қабанбай батыр даңғылы бойында әкімшілік ғимаратын (Т-100 көшесінің солтүстігі) салу	1 000 000		
	010		Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдары үшін ақпарат алмасу жүйесін құру	300 272	791 469	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	300 272	791 469	
			Құқық қорғау және арнаулы органдардың ақпарат алмасу жүйесін құру	300 272	791 469	
	013		«Мемлекеттің алдында міндеттемелері бар адамдардың «Шектеу» бірыңғай деректер банкі» ақпараттық жүйесін құру	685 156	219 719	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	685 156	219 719	
			«Мемлекеттің алдында міндеттемелері бар адамдардың «Шектеу» бірыңғай деректер банкі» ақпараттық жүйесін құру	685 156	219 719	
618			Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)	472 237	493 219	4
	008		Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені дамыту	472 237	493 219	4
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	472 237	493 219	4
			Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені дамыту	472 237	493 219	4
680			Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі	4 270 857	578 135	
	002		Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметін дамыту бағдарламасы	4 270 857	578 135	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	4 270 857	578 135	

			Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметін дамыту бағдарламасы	4 270 857	578 135	
4			Білім беру	10 733 019	19 123 371	10
	212		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	3 254		
		007	Ауыл шаруашылығы саласындағы білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 254		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Астана қаласы	3 254		
			С. Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университетінің техникалық факультетінің оқу корпусын салу	3 254		
	225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	10 729 765	8 110 731	8
		004	Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	1 856 762		
		004	Сыртқы қарыздар есебінен	502 200		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	502 200		
			Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	502 200		
		016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	1 354 562		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер	1 354 562		
			Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	1 354 562		
		005	Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау	8 873 003	8 110 731	8
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Ақмола облысы	280 072		
			Ақмола облысы Көкшетау қаласы Ақан сері көшесі, 24 бойында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 310 орындық жатақханасының құрылысы	280 072		
			Шығыс Қазақстан облысы	739 768	1 435 364	9
			Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы машина жасау саласы үшін техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын дайындау және қайта дайындау жөніндегі 700 оқушылық орынға арналған өңіраралық кәсіптік орталығын салу	300 000		
